«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылып отырған Жалғасбаева Қанағат Баймуратовнаның «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарлама-ларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламалар-ға сәйкестігі:	1.1 Диссертация жұмысының тақырыбы Қазақстан Республикасының білім мен ғылымды дамытудың «ҚР білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» (2019 ж. №98 қаулы), 7.2. «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі, қолданбалы пәнаралық зерттеулер: әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер; 7.2.7. Ұлы даланың жеті қыры: қоғамның рухани жаңғыруының мұралары мен бастаулары бағыттарына сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2)Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама	3) Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен 2021-2023 жылдардағы ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», «Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» басым бағыттарына сәйкес келеді. Диссертация «8D023-Тілдер және әдебиет» (8D02304-Әдебиеттану») кадрларды даярлау бағыты бойынша ұсынылған.

		аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) **Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)**	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	Зерттеу жұмысының тақырыбы өзекті, сондықтан да ғылымға өз үлесін қосады деуге негіз бар. Диссертациялық жұмыста зерттелетін айтыс жанры түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасы ретінде рухани құндылықтардың жарқын көрінісі және тарихи сабақтастықтың сақтаушысы болып табылады. Оның өзектілігі, ең алдымен, айтыс жанрының қазіргі заманға бейімделуінің қоғамдық және мәдени құбылыс ретіндегі маңыздылығымен анықталады. Айтыс – ұлттық менталитет пен тарихты сақтаудың ерекше формасы ғана емес, сонымен қатар ол қоғамдағы өзгерістер мен заманауи технологиялық үдерістерге жауап бере алатын жан-жақты жанр болып отыр. Зерттеуде айтыстың интернет-фольклордағы көріністері, жанрдың жазба және заманауи цифрлық форматтарға бейімделуі қарастырылған. Диссертациялық жұмыста зерттеу нәтижесі бойынша тақырыптың маңыздылығы айқындалып, зерттеу тақырыбы толықтай ашылған.

3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жазу деңгейі жоғары. Докторант жұмыста жекелеген мәселелерді зерттеуде отандық және шетелдік дереккөздерін пайдалана отырып, өзіндік тұжырымдамалар жасайды Ізденуші зерттеуге алған мәселелерді дұрыс жүйелей білген. Зерттеу жұмысында барлық академиялық жазу қағидалары орындалып, стильдік ерекшеліктер мен талаптар сақталған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда ішкі бірлік принципі сақталған. Диссертацияның өзектілігінің негізделуі оның зерттеу тақырыбының ғылыми және практикалық маңыздылығымен тығыз байланысты. «Түркі халықтары айтысының трансформациялануы» тақырыбына арналған зерттеу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірін қарастырады, себебі ол ұлттық мұраның сақталуы мен жаңғыруын, сондай-ақ мәдениетаралық байланыстарды терең зерттеуге мүмкіндік береді. Тақырыптың өзектілігі жаһандану үдерісі барысында дәстүрлі мәдени формалардың өзгеруі мен сақталуының маңыздылығына негізделеді.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды **1) айқындайды;** 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Зерттеудің мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Докторант тақырыпты ашу үшін кешенді ғылыми-зерттеу жүргізіп, тақырыпқа қатысты материалдарды мүмкіндігінше толық қамтыған. Мазмұндық құрылымның логикалық ретпен берілуі зерттеудің кешенділігін көрсетеді. Диссертация мазмұны «Айтыс жанрының жиналуы, жариялануы және даму тарихы», «Айтыстың заманауи трасформациялануы» деп аталатын өзара тығыз байланысты екі тараудан тұрады.

			Зерттеу жұмысының негізі тараулары мен тараушаларында қарастырылатын тақырыптар біртұтастықты құрайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2)жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертациялық жұмыс мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына толығымен сәйкес келеді. Зерттеудің басты мақсаты – түркі халықтар айтысының түрлері және оның трансформациялануын, интернетт фольклорындағы айтыс жанрының өзіндік ерекшелігін анықтау. Қойылған мақсат диссертация тақырыбының негізгі идеяларын айқындап, оның мазмұнын ашуда бағыттаушы құрал болып табылады. Автор зерттеудің мақсатына сәйкес келетін бірнеше нақты міндеттерді белгіледі, мысалы, айтыстың жиналуы, жариялануы, дамуы, зерттелуі саралау; түркі халықтарындағы айтыс дәстүріне назар аудара отырып қырғыз, қарақалпақ, өзбек, түрік, әзербайжан, башқұрт халықтары айтыстарымен салыстыру; жазба айтыстың дәстүрлі түрі мен уақытқа сай бейімделген трансформацияланған түрін талдау т.б. Диссертант зерттеу барысында қойылған мақсат пен міндеттерге толығымен жеткен.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен жалпы құрылымында логикалық байланыс сақталған. Диссертация мазмұны кіріспе, негізгі екі тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысының құрылымы алға қойылған міндеттерге сәйкес жүйеленген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар,	Диссертацияда ізденуші ұсынған жаңа шешімдер, қағидаттар мен әдістер ғылыми тұрғыдан негізделіп,

		әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	бұрыннан белгілі тұжырымдармен салыстырылып талданған. «Түркі халықтары айтысының трансформациялануы» тақырыбы бойынша зерттеуде автордың жаңашыл тәсілдері айтыстың заманауи формаларын зерттеудегі маңызды ғылыми жаңалықтарға негізделген. Ізденуші бұған дейін жазылған еңбектердегі пікірлерге сүйене отырып, өзіндік тұжырымдар ұсынуында сыни талдауы анық көрінеді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен ережелері толықтай жаңашылдығымен ерекшеленеді. Автордың жұмысы айтысты дәстүрлі көзқарастардан жаңа деңгейге көтеріп, оның қазіргі заманғы трансформациялық үдерістерін талдауға негізделген. Зерттеуде айтыстың дәстүрлі формаларынан бастап, оның заманауи мәдени және әлеуметтік рөлдеріне дейінгі барлық аспектілері қарастырылған, бұл бұрын зерттелмеген тұстарды ашуға мүмкіндік берді. Ізденуші айтыс өнерінің трансформациялануындағы жаңа үрдістерді айқындап, олардың мәдени мұра ретінде сақталу механизмдерін, жаһандану жағдайындағы маңыздылығын және жаңғыртылу жолдарын тереңірек талдаған.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Зерттеу нәтижелері айтыстың заманауи формасы мен олардың қоғамдағы орны туралы жаңа ғылыми тұжырымдарды алға тартады. Мысалы, заман талабына сай айтыстың интернет-фольклордағы ерекшеліктері

		3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	қарастырылып, оның дәстүрлі және жазба түрлерімен салыстырылуы, айтыстың интернетте таралуы, «интернет айтыс» ұғымының айналымға енгізілуіне ұсыныс жасалуы.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (жаңасы 25% кем)	Диссертациялық жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген деп есептеймін. Диссертация тақырыбында зерттеліп, оның практикалық нәтижелерін білім беру үдерісінде, ғылыми зерттеулерде пайдалануға болады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін)	Диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан негізделген және олар ауқымды дәлелдемелерге сүйенеді, бұл гуманитарлық және өнер саласындағы зерттеулер үшін жоғары сапа стандарттарына сәйкес келеді. «Түркі халықтары айтысының трансформациялануы» тақырыбындағы зерттеу негізінен сапалық (qualitative) әдістерді қолданған, бұл айтыстың тарихи, мәдени және әлеуметтік аспектілерін терең зерделеуге мүмкіндік берген. Зерттеу барысында автор түрлі қолданған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр ереже бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;**	7.1 Диссертациялық жұмыста қағидаттар дәлелденген. 7.2 Жұмыста келтірілген дәлелдер тривиалды емес. 7.3 Зерттеу жұмысында көрсетілген қағидаттар жаңа.

		2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) иә; **2) жоқ** 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) иә;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.5Мақалада дәлелденген бе? **1) иә;** 2) жоқ	7.4 Диссертацияда қағидаттарды қолдану деңгейі кең. Әдебиеттану, фольклор, өнер және этнография салаларында кеңінен пайдалануға болады. 7.5 2020-2024 жылдар аралығында 7 ғылыми мақала жарық көрген. оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда – 3 мақала, халықаралық конференциясы материалдарының жинақтарында – 3 мақала, Web of Science дерекқорына кіретін «Milli Folklor» (Cilt:18 Sayı: 143, 15.09.2024) журналда – 1 мақала жарияланған.

		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған **1) иә;** 2) жоқ	Ғылыми жұмыстың әдіснамасы негізделген, дәйектілік принципі толық сақталған. Зерттеу жұмысының ғылыми-әдіснамалық негізі ретінде отандық және шетелдік ғалымдардың теориялық тұжырымдары мен ғылыми ізденістері басшылыққа алынған. Соның ішінде атап айтсақ, Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхаммедұлы, Ә.Бөкейханов, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, С.Мұқанов, М.Жармұхамедұлы, Ә.Қоңыратбаев, Т.Әлбеков, Т.Тебегенов сынды т.б. ғалымдардың теориялық ойпікірлері мен негізгі тұжырымдамалары пайдаланылған. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты шетелдік зерттеушілердің: Н.А.Веселовский, В.М.Жирмунский, Б. Маленов, Ж. Таштемиров, Б. Кебекова, А. Обозканов, М.К.Көлбаева, У. Гүнай, М.Ф. Көпрүлү, А. Оғузжан, Ө. Сарач, Е. Арслан, Х.Диздароғлу, Е. Артун, Д. Қайа, Б. Алптекин, М. Өзарслан, М.А. Өздер, М.Йардымджы, С. Сакаоғлу, Х. Саргин, А. Нәбиев, М. Қасымлы, М.Аллаһманлы, А. Мәммәдлип, М. Низаматдийинов, М. Баишев, М. Куватов, М. Уметбаев, С.Х. Габитов, Р. Султангереева, Б.С. еңбектеріне назар аударып, зерттеулері зерделенген

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) иә;** 2) жоқ	Иә, диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы қазіргі заманғы ғылыми зерттеулердің әдістеріне сәйкес өңделіп, интерпретацияланған, бұл зерттеудің жоғары сапасын қамтамасыз етеді.
		8.3Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) иә;** 2) жоқ	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар зерттеулермен дәлелденген және расталған. Гуманитарлық ғылым салалары үшін зерттеу нәтижесі дереккөз ретінде құндылыққа ие. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған «Айтыс өнер мектебі», «Айтыстану», «Фольклор» атты таңдау курстарында, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады.

		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған**/ішінара расталған/расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Докторант зерттеу барысында мүмкіндігінше түркі халықтар айтысының даму тарихы, жиналуы, өзгеріске ұшырауы жөнінде сөз еткен отандық және шетелдік ғалымдар еңбектерін талдау арқылы маңызды мәлімдемелер жасаған. Бұл жұмыста жасалған сілтемелерден анық көрінеді.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті** /жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Докторант еліміздегі және Қырғызстан, Өзбекстан, Түркия, Әзербайжан, Қарақалпақстан, Башқұртстан мемлекеттеріндегі кітапхана қоры мен ғылыми орталықтарының материалдарын пайдаланған. Нәтижесінде пайдаланылған әдебиеттер тізімінде 145 дереккөз көрсетілген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1Диссертацияның теориялық маңызы: **1) иә;** 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Айтыс жанрының тарихи қалыптасуы мен қазіргі заманғы трансформациялық үрдістерін зерттеу түркі халықтарының мәдениетаралық байланысын, ұлттық бірегейлігін, сондай-ақ сан ғасырлық рухани құндылықтарын сақтау және насихаттау үшін теориялық негіз қалайды. Зерттеу барысында түркі елдеріндегі (қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ, түрік, башқұрт, әзербайжан) айтыс дәстүрлерінің типологиялық және жанрлық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылып, олардың әлеуметтік және мәдени рөлі

			терең пайымдалды. Айтыстың интернет-фольклордағы (е-фольклор) даму ерекшеліктері мен қазіргі заманғы қоғамда алатын орны зерттелді. Бұл зерттеу ұлттық мәдени мұраны зерттеушілерге, әдебиеттанушыларға, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдар үшін құнды теориялық ақпарат береді және жоғары оқу орындарында арнайы курстар құруда қолдануға болады.
		9.2Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) иә;** 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы мен алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Зерттеу нәтижелерін «Айтыс өнер мектебі», «Айтыстану», «Фольклор» атты таңдау және арнаулы курстарда, тәжірибелік сабақтарда оқу материалы ретінде пайдалануға болады. Сонымен қатар, бұл зерттеу айтыс өнерін кең аудиторияға қолжетімді ете отырып, мәдени мұраны танытуға бағытталған шығармашылық және ғылыми жобаларда қолданылуы мүмкін.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2)ішінара жаңа (25-75% жаңаболыптабылады); 3)жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем)	Диссертациялық жұмыстың практикалық ұсыныстары толығымен жаңа. Диссертация нәтижелері жоғарыда аталған пәндердің теориялық және практикалық базасын нығайтады.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс барлық академиялық жазу мен рәсімдеу талаптарына сәйкес келеді.

11	Диссертацияға ескертулер		Диссертациялық жұмыста техникалық қателіктер, әріп қателері, әдебиеттер тізімінің рәсімделуінде кейбір қателіктер кездеседі. Алайда, бұл көрсетілген ескертулер диссертациялық жұмыстың жалпы құндылығына айтарлықтай нұқсан келтірмейді деп ойлаймыз.
12	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысы барысында 7 мақаласы жарық көрген. Оның ішінде Web of Science мәліметтер базасында – 1; халықаралық ғылыми конференция материалдарында – 5; ҚР ҒЖБ Білім және ғылым саласындағы қадағалау комитеті бекіткен тізімге енетін журналдарда – 3. Осы мақалаларда диссертацияның негізгі тұжырымдары жан-жақты талданып, мамандар талқысына ұсынылған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02304 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы бойынша Жалғасбаева Қанағат Баймуратовнаның (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Түркі халықтар айтысының трансформациялануы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына оң баға бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензенттер пікірлерінде келесі шешімдердің бірін көрсетеді:

1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;

2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);

3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту

Ресми рецензенттер пікірлерінің көшірмелері докторантқа диссертация қорғауға дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмей беріледі.

Ресми рецензент:
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
бас директоры, филология ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі **Матыжанов К.С.**